

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ**



№ 012 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

2003 жылғы 30 мамыр

**Халықаралық резервтер және ақша базасы
туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің халықаралық резервтері (Ұлттық Қордың ақшасын ескермей) және ақша базасы 2003 жылғы 30 мамырда мынадай болды:

	Ағымдағы бағамен	Тұрақты бағамен*
Таза халықаралық резервтер, млн.долл.	4451,1	4411,9
Оның ішінде		
ЕАВ таза активтер**	3828,4	3828,4
Алтын	622,7	583,5
Ақша базасы, млрд. теңге	218,8	218,8
KZT/USD (кезең аяғында)	150,59	155,85
Алтынның бағасы (1 трой унциясы үшін USD-мен)	365,80	342,75

* теңгенің АҚШ долларына бағамы және алтын 2002 жылдың аяғындағы бағамен көрсетілген

** ЕАВ-мен таза активтер – бұл ЕАВ-ғы жалпы активтер мен міндеттемелер арасындағы айырмашылық

2003 жылғы мамырда Ұлттық Банктің халықаралық резервтерінің көбею үрдісі жалғаса түсті.

Таза халықаралық резервтердің ағымдағы бағасы 9,5%-ке (немесе 384,7 млн.долл.) өсті. Ұлттық Банктің ішкі валюта рыногында валюта сатып алуы және Ұлттық Банктегі Қаржы министрлігінің есепшоттарына валютаның түсуі таза валюта қорларын (ЕАВ) 332,3 млн.долларға толықтыруға ықпал етті. Алтынмен активтер Ұлттық Банк жүргізген операциялар және оның әлемдік рыноктардағы бағасының 8,9%-ке көбеюі нәтижесінде 52,4 млн. долларға өсті.

Тұрақты бағамен Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 8,2%-ке, ЕАВ-мен таза активтер – 9,5%-ке, алтынмен активтер – 0,3%-ке өсті.

Елдің халықаралық резервтері жалпы алғанда (ағымдағы бағамен) яғни, Ұлттық Қордың ақшасын (алдын-ала деректер бойынша – 2271,9 млн. долл.) қоса алғанда 6728,8 млн. долл. болды. Өткен айға өсімі – 7,0 % болды.

2003 жылғы мамыр айында Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің өсуі ақша базасының 2,0%-ке (немесе 4,4 млрд. теңгеге) кеңеюіне себепші болды.